
ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

№3 «17» қаңтар 2025 жыл
Педагогика және психология факультеті
«Жас психолог» ғылыми үйірмесі

Төрайымы – Мамекова А.Т.

Хатшысы – Суранчина А.

Қатысқандар: ППқ 321– 7, ППқ 311-2, Пқ (ІР) 111-6

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

«Бүгінгі маман – болашақ ғалым» тақырыбындағы үйірме отырысының хаттамасы

Күн тәртібі:

1. Ғылымдағы негізгі бағыттар және зерттеу жұмыстарына қатысу мүмкіндіктері.
2. Студенттердің жетістіктері мен ғылым саласына қосқан үлесі

Тыңдалды:

Үйірме жетекшісі: Педагогика және психология кафедрасының оқытушы-дәріскері, PhD А.Т. Мамекова

«Ғылым – үздіксіз ізденіс» демекші біз ортамызда Астана қаласына 18-желтоқсанда NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH(NAcSIR) ұйымдастыруымен өткен «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ - 2024» атты халықаралық байқауына барып келген үш студентімізді құттықтаймыз! Олар: Жанатқызы Еркежан, Сапарбек Әйгерім, Суранчина Айнамкөз! Сіздер ғылымның төрінен көрініңіздер!

Сөз алды: Сапарбек Әйгерім

-Асем Танирбергеновна! Мен Астана қаласына байқауға қатысқанымға өте қуаныштымын, өйткені сіздің ғылыми бағытыңыз бойынша көп қажетті мәліметтер біліп, бізге мақала жазуды үйреттіңіз. –Сондықтан ғылым – ешқашан тоқтамайтын білім ізденісінің бір бөлігі екендігін түсіндім. Мен «Қазақстандағы жастар арасындағы ажырасу

статистикасы және оның себептері» атты тақырыбымды қабылданып, байқауға қатысқанымға ризамын. Сізге көп рахмет! Сізге еңбекте табыс, шәкірттеріңіз көп болсын.

Сөз алды: Жанатқызы Еркежан

- Асем Танирбергеновна! Мен осы байқауға барып, біраз ғылымға үлес қосып жүрген жастарды көріп қуандым. Сіздің бағыт- бағдарыңыз бойынша «Қазіргі уақытта жасанды интеллект жасөспірімдерге және оқушыларға психологиялық әсері» атты тақырыбтың өзекті екендігін түсіндім. Маған Астана қаласына барып, байқауды көріп өзім ерекше сезімде болдым. Сонымен қатар 2-ші дәрежелі дипломымен марапатталғанымға қатты қуандым. Сізге алғысым шексіз, өйткені универге келгенім кеше ғана десемде болады, 1-курсты аяқтамай осындай марапатқа ие болғаным сіздің үлесіңіз.

Сөз алды: Суранчина Айнамкөз

- Асем Танирбергеновна!
Менде өте қуаныштымын. Осы Астанадағы байқауға қатысып, өзіме қажетті мәліметтер алдым. Сізге көп рахмет, бізге білім мен ғылымның негізінде әлі де үйренетін, ізденетін мәселеміз бар екенін түсіндірдіңіз. Осы байқауда 2-ші дәрежелі дипломына ие болғанмызға ризамыз.

Тыңдалды:

Үйірме жетекшісі: Педагогика және психология кафедрасының оқытушы-дәріскері, PhD А.Т. Мамекова

- Жарайсыздар! Сіздер аман-есен «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ - 2024» атты халықаралық байқауына барып келгендеріңізге ризамын. Осындай жетістіктеріміз көп болсын!

Шешімдер:

1. Үйірме мүшелері ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатыстыру.
2. Ғылыми конференциялар мен семинарларға жүйелі түрде қатысып, өз жобаларын ұсыну.


Төрайымы

Мамекова А.Т.

Хатшысы

Суранчина А.

ҚОСЫМШАЛАР







БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО

Награждается
Мамекова Асем Танирбергеновна
за оказанную поддержку активной молодежи
в международном проекте
среди научно-образовательных учреждений
«ЛУЧШИЙ СТУДЕНТ ГОДА 2024»
организованный
NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE
RESEARCH (NACSIR)

National Academy of Scientific and Innovative
Research орталығының директоры



Нұрланқызы Ж.О.

Казахстан, Астана
№ 249



